

KASE

АПТАЛЫҒЫ

14 – 18 қараша
2022

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің [XS2555207096](#) (EBRDe16) халықаралық облигациялары, "Мобильный мир" ЖШС [KZ2P00009012](#) (MOB1pp1) облигациялары, "ҚазАгроҚаржы" АҚ [KZ2C00009116](#) (KAF1pp3) облигациялары, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00009132](#) (BRKZb27) және [KZ2C00009140](#) (BRKZb28) [облигациялары](#) енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "PartnerInterFreight" ЖШС (ПартнэрИнтерФрэйт) [KZ2P00008188](#) (PIFRb2) облигациялары және РФ Қаржы министрлігінің [RU000A0JX0H6](#) (RU_05_2211) халықаралық облигациялары алынып тасталды.
- KASE ресми тізімінен Twitter Inc [US90184L1026](#) (TWTR_KZ) жай акциялары алынып тасталды.
- KASE-де "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00008712](#) (KFUSb41) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де (AEP_KZ) American Electric Power Company, Inc [US0255371017](#) жай акцияларымен, IBM corp. [US4592001014](#) (IBM_KZ), Starbucks Corporation [US8552441094](#) (SBUX_KZ), Exxon Mobil Corporation [US30231G1022](#) (XOM_KZ), ConocoPhillips [US20825C1045](#) (COP_KZ), Ford Motor Company [US3453708600](#) (F_KZ) және АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық [облигацияларының](#) үш шығарылымдарымен сауда-саттықтар қайта басталды.
- KASE-де Johnson&Johnson [US4781601046](#) (JNJ_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық тоқтатылды.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де, МЕТКАМ-60 бірінші шығарылымын ([KZKT00000032](#), MTM060_0001) орналастырып, 25,3 млрд теңге тартты.
- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 21,6 млн МЕОКАМ-48 54-ші шығарылымын ([KZK200000729](#), MOM048_0054), 7,5 млн МЕОКАМ-60 54-ші шығарылымын ([KZK200000737](#), MOM060_0054) және 25,0 млн МЕТКАМ-72 бірінші шығарылымын ([KZKT000000040](#), MTM072_0001) орналастырды.
- Еуропалық Қайта Құру және даму банкі KASE-де жазылу арқылы жылдық 15,35 %-бен XS2555207096 (EBRDe16) екі жылдық халықаралық облигацияларды орналастыра отырып, 16,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де [KZ2C00007300](#) (KFUSb8), [KZ2C00007532](#) (KFUSb20) және [KZ2C00008712](#) (KFUSb41) облигацияларын орналастыру арқылы 19,9 млрд теңге тартты.
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2022 жылдың тоғыз айындағы қаржылық нәтижелер туралы [хабарлайды](#).
- Freedom Holding Corp. 2023 фискалдық жылдың екінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелер туралы [хабарлайды](#).
- "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айға шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ Fitch агенттігінің қоғамның рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ Fitch агенттігінің компанияның ұзақ мерзімді рейтингін "BBB-" деңгейіне дейін арттырғаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ оған Moody's ESG Solutions агенттігінің ESG рейтингін бергені туралы [хабарлады](#).
- "КМФ (ҚМФ)" Микроқаржы ұйымы" ЖШС 2021 жылға дивидендтер [теледі](#).
- "BCC Invest" АҚ 2022 жылдың 26 мамыры мен 14 қарашасы аралығында "BCC Elite" ИПИҚ KZPF00000553 (BCCIbe) пайларын ұстаушыларға дивидендтер төленгені туралы [хабарлады](#).



18.11.2022

Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Трендтер (%)	
		Δ 7к	Δ 1а
KASE Индексі	3 063,47	0,6	-2,0
NVIDIA Corp.	158,78	7,3	29,1
Apple Inc.	150,74	5,1	5,6
АО Kaspi.kz	31 710,00	4,3	14,5
AT&T Inc.	19,09	3,5	23,4
АО "Кселл"	1 585,89	3,5	3,6
Ford Motor Company	15,00	2,8	19,6
Intel Corporation	30,12	2,6	13,1
АО "Народный сберегательный банк Ка:	119,77	1,5	- 6,6
АО "Банк ЦентрКредит" прив	349,00	1,5	0,9
АО "KEGOC"	1 574,98	0,3	- 0,3
Freedom Holding Corp.	56,28	- 0,0	6,2
АО "СНПС - Актобемұнайгаз" прив	35 000,00	- 0,4	- 5,4
АО "Банк ЦентрКредит"	612,17	- 0,5	- 3,9
АО "ForteBank"	3,70	- 0,5	0,3
АО "НАК "Казатомпром"	12 778,99	- 0,7	- 5,7
Yandex N.V.	15 190,00	- 0,9	- 5,1
АО "Казателеком"	26 250,00	- 2,4	- 10,4
АО "KM GOLD"	170,00	- 2,9	- 4,4
VANECK ETF TRUST	17,51	- 5,4	- 12,5
АО "КазТрансОйл"	589,99	- 8,1	- 15,4

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексінің мәні бүйірлік трендте өзгерді және аптаның қорытындысы бойынша 3 063,47 пункт деңгейіне дейін 0,6 %-ға өсті. Бір апта ішінде жасыл аймақта Kaspi.kz акциялары 4,3 % өсіммен, Кселл акциялары 3,5 % өсіммен, Халық банкінің акциялары – плюс 1,5 % және KEGOK акциялары – плюс 0,3 %-бен жабылды.

Халық Банкі топ қызметінің тоғыз айдағы қаржылық нәтижелері туралы хабарлады: таза пайда 417 млрд теңгеге жетті және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,2 %-ға өсті.

Инвесторлармен кездесуде ҚазТрансОйл сондай-ақ 9 айдың қорытындысы бойынша қаржылық нәтижелерді жариялады: компанияның шоғырландырылған таза пайдасы 25,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі нәтижеден 49 %-ға төмен. Компания акцияларының бағасы бір апта ішінде 8,1 %-ға төмендеді.

"ҚазМұнайГаз" жай акцияларына жазылу жалғасуда. Жеке инвесторлар үшін жазылым 2 желтоқсанға дейін жүргізіледі. Жазылым шеңберінде бір акцияның бағасы 8 406 теңгені құрайды. Бір акцияны сатып алуға минималды өтім берілуі мүмкін. Өтінімнің максималды көлемі, сондай-ақ бір адам берген өтімдер саны шектелмейді. Жарияланғандай, Қазақстан Республикасы азаматтарының өтімдері бірінші кезекте барынша жоғары көлемде қанағаттандырылатын болады.

KASE Global секторында өткен аптада American Electric Power Company, IBM, Starbucks Corporation, Exxon Mobil Corporation, ConocoPhillips және Ford Motor Company жай акцияларымен сауда-саттық қайта басталды. Бұдан бұрын бұл акциялармен сауда саттық дивидендтер төлеу үшін тізілімнің бекітілуіне байланысты тоқтатылған болатын.

Өткен аптада екі компания дивидендтер төленгені туралы хабарлады. ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы BCC Invest 2022 жылдың 26 мамыры мен 14 қарашасы аралығында "BCC Elite" аралық инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушыларға 15 қарашада дивидендтер төледі. "KMF (ҚМФ)" микроқаржы ұйымы 2021 жылдың 10 қарашасында бөлінбеген пайда есебінен жалпы сомасы 2,8 млрд теңгеге дивидендтер төленгені туралы KASE-ге хабарлады.

Өткен аптада борыштық капитал нарығында Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі екі жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 15,35 %-ға орналастыра отырып, KASE-де жазылым арқылы 16 млрд теңге тартты. Қазақстандық тұрақтылық қоры жылдық 17,2–17,5 % өтеуге кірістілігімен және 1 жылдан 3 жылға дейінгі өтеу мерзімімен жалпы сомасы 19,9 млрд теңгеге облигациялардың үш шығарылымын орналастырды.

МБҚ нарығында қаржы министрлігі бір апта ішінде 4-6 жылға жалпы сомасы 79 млрд теңгеге қазынашылық міндеттемелердің төрт шығарылымын жылдық 15,35–15,57 %-бен орналастырды.

Өткен аптада Қазақстанның Даму Банкі, ЦентрКредит Банкі, FIVE BROKERS' CAPITAL, өнеркәсіпті дамыту қоры, Қазақстандық тұрғын үй компаниясы, ҚазАгроҚаржы және т.б. өз облигациялары бойынша купон төлеу туралы хабарлады. ҚазАгроҚаржы Fitch Ratings агенттігінің компанияның ұзақ мерзімді рейтингін тұрақты болжаммен "BBB-" деңгейіне көтергені туралы нарықты хабардар етті. Сондай-ақ, Fitch Ratings Аграрлық несиелік корпорациясының ұзақ мерзімді рейтингін "BBB-" деңгейінде тұрақты болжаммен растады. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы оған 22 қыркүйекте Moody's ESG Solutions ESG агенттігінің 57 балл (теориялық тұрғыдан мүмкін 100 баллдан) бергені туралы хабарлады, бұл Moody's шкаласы бойынша екінші ең жоғары балл A2 тұрақтылық рейтингіне сәйкес келеді.


Бұл ретте американдық өндірушілердің базалық баға индексі қазан айында 6,7 %-ға дейін төмендеді, қыркүйектегі 7,1 %-дан, бұл нарық болжамынан сәл төмен болып шықты. Жалпы алғанда, АҚШ-тағы өндірушілердің бағасы өткен айда 8,4 %-дан 8 %-ға дейін төмендеді, талдаушылар 8,3 % болжады. Американдық нарық АҚШ-тағы өндіріс бағасының баяулауына оң жауап берді, өйткені бұл ФРЖ-ны базалық мөлшерлеменің есу қарқынын төмендетуге ынталандырады.



11-18 қараша аралығында мемлекеттік бағалы қағаздармен (МБҚ) РЕПО операцияларының кірістілігі жылдық 15,06%-дан 15,03%-ға дейін сәл-ақ төмендегенімен, іс жүзінде өзгерген жоқ. Қаралып отырған кезеңде бір күн мерзімге АҚШ долларын кепілге қою арқылы теңге қарыз алу мөлшерлемесі (SWAP-1D (USD)) жылдық 13,41%-дан 15,54%-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Базалық мөлшерлеме Repo-1д Своп-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←) Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←)
 Апталық кірістілігі (→) Айлық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→) Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қисық кірістілігі

18.11.2022 (KZT Yield) 31.12.2021 31.12.2020






Қазан айында валюта нарығында орташа құбылмалылық байқалды. Бір ай ішінде динамика көп бағытты болды, қазан айының қорытындысы бойынша теңге 1,7 %- ға нығайды. Теңгенің нығаюының негізгі себебі мұнай бағасының өсуі болды. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің базалық мөлшерлемесін көтеру және сату теңгеге де қолдау көрсетті.

Қазан айында Ұлттық қордан валюта сату 362 млн АҚШ долларын құрады, бұл ретте сауда-саттық күні ішінде сату көлемі 30 млн АҚШ долларынан аспады. Ұлттық қордан валютаны сату республикалық бюджетке трансфертті қамтамасыз ету қажет болған кезде ғана жүзеге асырылады. Ұлттық Банк тарапынан осы операциялардың валюта нарығындағы ағымдағы сентиментке әсерін барынша азайтуға күш салынауда. Валютаны сату бойынша мәмілелерді жүзеге асыру кезінде Ұлттық Банк price-taker ретінде әрекет етеді, яғни өз өтінімдерін бермей, бұрыннан бар өтінімдер бойынша "ұрады". Нарық қатысушыларының бағасымен келісе отырып, біз операциялардың нарықтық бағамға әсерін жоққа шығарамыз.

Ұлттық Банктің түсініктемелері бойынша, қазіргі уақытта валюта нарығы теңдестірілген, валюталық интервенциялар жүргізу қажеттілігі туындаған жоқ.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.22)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2022, %
— GBPKZT	547,45	0,83	2,36	-6,08
— USDKZT	459,04	-0,64	-2,92	6,34
— EURKZT	476,44	0,42	2,27	-2,48
— CNYKZT	64,51	-0,46	-2,13	-5,08
— RUBKZT	7,61	-0,78	-0,65	31,89

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	3 965,34	-0,7	7,3	-15,7	-0,7
Dow Jones	33 745,69	0,0	10,9	-5,9	0,0
PTC	1 147,03	-1,0	13,5	-34,9	-0,9
МММБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-0,9
Hang Seng	17 992,54	3,8	9,0	-28,9	3,6
SS CSI 300	3 801,57	0,3	0,7	-21,4	-0,1
Euro Stoxx 50	3 924,84	1,5	13,1	-10,5	1,4
FTSEuroFirst	4 554,00	1,5	9,7	-4,8	1,7
FTSE 100	7 385,52	0,9	6,7	1,8	0,8
KASE	3 063,47	0,6	-2,0	-19,6	

Шикізат нарығы

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	87,62	-8,7	-5,2	7,9
Мұнай (WTI)	80,08	-10,0	-6,4	1,4
Табиғи газ	6,30	7,2	15,4	28,6
Мыс	363,20	-7,2	9,5	-15,6
Темір	768,50	14,8	2,5	45,8
Алтын	1 750,68	-1,2	7,4	-5,8
Күміс	21,00	-3,1	14,4	-15,7
Астық	803,25	-1,3	-4,5	-2,0

18.11.2022

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
21.11 <u>ҚРҰБ базалық кредиттік мөлшерлемесі</u>	CNY	3,65%	3,65%
23.11 <u>Германияның өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша)</u>	EUR	45,0	45,1
23.11 <u>Ұзақ пайдаланылатын тауарларға базалық тапсырыстар (а / а) (қазан)</u>	USD	0,1%	-0,5%
23.11 <u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	225K	222K
23.11 <u>FOMC хаттамаларын жариялау</u>	USD		
24.11 <u>ЕОБ отырысының монетарлық саясат жөніндегі хаттамасын жариялау</u>	EUR		
25.11 <u>Германияның ЖІӨ (тоқ / тоқ) (3 тоқсан)</u>	EUR	0,3%	0,3%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	18,8%	01.11.22	17,7%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	33,0	01.11.22	32,8
Ақша базасы, млрд KZT	12 374,4	01.11.22	11 871,4
Ақша масса, млрд KZT	33 311,6	01.11.22	32 466,1

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 негативті	02.09.22	BBB-/A-3 әлсіз
	Ваа2/әлсіз	11.08.21	Ваа3/позитивті
	BBB/әлсіз	17.06.22	BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына көпілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.